

Бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметін ведомстволық бақылау туралы ережені бекіту жайында

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 2 қыркүйек 1993 ж. N 773. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.30. N 1246 қаулысымен.(2005 жылғы 1 қаңтардан күшіне енеді)

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметін ведомстволық бақылау туралы Ереже қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Министрліктердің, ведомстволар мен басқа да басқару органдарының бақылау-тексеру бөлімшесінің басшылары қызмет жөнінен тікелей министрлерге , ведомстволар мен басқа да басқару органдарының бірінші басшыларына ба ғы н а т ы н б о л ы п б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті министрліктердің, ведомстволар мен басқа да басқару органдарының бақылау-тексеру жұмысы жөніндегі есеп-қисабының нысанын, оны табыс ету мерзімі мен тәртібін 1993 жылғы 1 қазанға дейін анықтайтын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитетіне министрліктер мен ведомстволардың есептерін және оларда жүргізілген бақылау-тексеру жұмысының жай-күйін тексеру материалдарын қорыту негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ведомстволық тексерістер мен тексерулердің нәтижелері туралы дүркін-дүркін хабарлап отырсын.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қ а у л ы с ы м е н .

5. "Министрліктердегі, ведомстволар мен басқа да басқару органдарындағы бақылау-тексеру жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 2 сәуірдегі N 325 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 6 мамырдағы N 213 қаулысының (Қазақ ССР қаулыларының жинағы, 1981 ж., N 12, 35-бап) күші жойылған деп танылсын.

**Бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің
қаржы-шаруашылық қызметін ведомстволық бақылау туралы
Ереже**

1. Министрліктер, ведомстволар мен басқа да басқару органдары қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің сметаларын, есеп айырысуларын, өтінімдерін қарау, контракттар жасасу, қаржыландыру, есеп-қисаптарды қарау, т. б. кезінде олардың қызметін алдын-ала және ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

Шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеріс жүргізуден тұратын кейінгі бақылауды министрліктер, ведомстволар, басқа да бақылау органдары және оларға бюджеттен қаржыландырылатын бағынышты бөлімшелер - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін тізбе бойынша жүзеге асырады.

Кәсіпорындар, ұйымдар, банкілер, қауымдастықтар, концерндер, холдингілер, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар мен басқа да шаруашылық органдары ведомстволық бақылауды құру мәселесін дербес шешеді.

2. Қарамағындағы кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда ақшалай қаражаттың, оның ішінде валюталық қаражаттың және материалдық құндылықтардың сақталуы мен дұрыс жұмсалуды, бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілуін және есеп-қисаптың растығын бақылауды қамтамасыз ету ведомстволық тексерістер мен тексерулердің мақсаты болып табылады.

3. Бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметіне тексерістер мен тексерулерді әрбір жеке жағдайда тиісті органның басшысы тағайындайды және олар шаруашылық есепте тұрған кәсіпорындарда, бірлестіктер мен ұйымдарда әрі кеткенде жылына бір рет кешенді түрде, ал басқа ұйымдар мен мекемелерде әрі кеткенде екі жылда бір рет жүргізіледі.

Бірақ барлық жағдайда әрбір кәсіпорында, мекеме мен ұйымда тексерістердің мерзімділігі бухгалтерлік құжаттарды сақтаудың белгіленген мерзімінен сирек бола алмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім шегінде кезектен тыс тексерістер жүргізуге кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары немесе бас бухгалтерлері ауысқанда, оларда бұрмалаушылықтар мен қиянат жасау орын алғаны туралы хаттар мен дабылдар келіп түскенде, не құқық қорғау органдарының талап етуі бойынша жол беріледі.

4. Кәсіпорындардың, кеңшарлардың, бірлестіктер мен ұйымдардың жанында жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпорындарда, шаруашылық серіктестіктері мен шаруашылық жүргізуші басқа да субъектілерде тексерістер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес құрылтайшы кәсіпорындардағы тексерістермен бір мезгілде жүргізіледі. < * >

Ескерту. 4-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995. 10.12. N 1320 қаулысымен .

5. Тексерістер мен тексерулерді жүргізуде қосарланушылық пен қайталаушылыққа жол бермеу мақсатымен ведомстволық тексерістерді жүргізу жоспарлары басқа бақылаушы органдармен:

республикалық басқару органдары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы қаржы-валюталық бақылау комитетімен, аймақтық және жергілікті бақылау органдары - аталған Комитеттің тиісті территориялық бөлімшелері мен келісіледі. < * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

6. Министрліктер, ведомстволар мен басқа да басқару органдары жүргізетін тексерістер мен тексерулердің негізгі міндеттері:

а) шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мекемелердің қаржы-шаруашылық операциялар жасау және оларды белгіленген тәртіппен ресімдеу кезінде заңдылықтың сақталуын;

ә) бюджеттен бөлінетін қаржының, берілген кредит пен жәрдем қаражаттың, материалдық және қаржы ресурстарының мақсатты да ұтымды пайдаланылуын, ақшалай қаражаттың, бағалы қағаздар мен материалдық игіліктердің сақталуы қамтамасыз етілуін;

б) өнімнің, қызметтер мен жұмыстардың бағасы мен тарифтерін белгілеудің; товарлардың әкелінуі мен республикадан сырт жерлерге әкетілуінің белгіленген тәртібінің сақталуын;

в) бухгалтерлік есеп пен есеп-қисаптың, қаржы, кредит және есеп айырысу операцияларының дұрыс әрі айқын жүргізілуін, бюджет алдындағы міндеттемелердің орындалуын;

г) валюталық қаражаттың белгіленген тәртіпке сәйкес дұрыс ресімделуін және тиімді пайдаланылуын, оның валюталық операцияларды жасауға лицензиясы бар республиканың банк мекемелерінде есепке алынуы мен

сақталуының қамтамасыз етілуін;

ғ) кәсіпорындарды, ұйымдарды және олардың мүлкін жекешелендірудің қолданылып жүрген заңдар мен белгіленген тәртіпке сай келуін, жекешелендірілетін объектілер құнының дұрыс есептелуін;

д) тексерілетін мекемелер мен шаруашылықты жүргізуші субъектілердің жанында жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпорындармен шаруашылығымен, серіктестіктермен, кооперативтермен және басқа кәсіпкерлік нарықтық құрылымдармен толық және негізді түрде есеп айырысуды және сонымен бірге олардың қызметінде тексерілетін объектілер басшы қызметкерлерінің қатысуының, олардың сыйақы мен материалдық көмек алуының тексерілуін;<*>

е) бұрынғы тексерісте немесе тексеруде анықталған жетіспеушіліктерді жою жөніндегі нұсқаулардың орындалуын анықтау.

Ескерту. 6-шы тармақтың "ж" тармақшасына өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.10.12. N 1320 қаулысымен .

7. Тексерістер мен тексерулерді жүргізу мерзімі 30 күн шегінде белгіленеді. Елеулі бұрмалаушылықтар мен қиянат жасау анықталған жағдайда барлық мәселелерді тереңдете тексеруді және тексеріс материалдарының сапалы ресімделуін қамтамасыз ету үшін оның жүргізілуі мерзімін тексерісті тағайындаған органның басшысы ұзарта алады.

8. Тексерістің немесе тексерудің нәтижелері тексеріс тобының жетекшісі (тексерушілер), тексеріс немесе тексеру жүргізілген кәсіпорынның, мекеменің (ұйымның) басшысы мен бас бухгалтері қол қойған актімен ресімделеді.

Егер бірлестіктің, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің басшысы немесе бас бухгалтері актіге қарсы болса және ескертпесі болса, онда олар қол қоюға және сонымен бірге оған өздерінің қарсылығын немесе ескертпесін жазбаша түрде қоса тіркеуге міндетті.

9. Тексерісте немесе тексеруде анықталған бұрмалаушылықты немесе қиянат жасауды жою жөнінде шұғыл шаралар қолдану және кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту қажет болған жағдайда тексеріс немесе тексеру барысында жеке (аралық) акт жасалады және қажет болған ретте тиісті материалдар құқық қорғау органдарына жіберіледі. Бұл жайында тексерісті немесе тексеруді тағайындаған органның басшысына хабарланады.

10. Бірлестіктің, кәсіпорынның, мекеме мен ұйымның басшысы анықталған бұрмалаушылықтарды тексерістің немесе тексерудің аяқталуын күтпестен жою жөнінде шара қолдануға міндетті. Бұл жайында тексеріс актісінде тиісті жазылады.

11. Тексерісті немесе тексеруді тағайындаған органның басшысы тексеріс немесе тексеру материалдарын екі апта мерзімде қарап, бұрмалаушылықтар мен

жетіспеушіліктерді жою, материалдық зиянның орнын толтыру, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту, анықталған бұрмалаушылықтар мен қиянат жасауды туғызған себептер мен жағдайларды жою жөнінде және олардың алдын алуға байланысты қажетті ұсыныстар әзірлеу жөнінде қажетті шешім қабылдауға, сондай-ақ тексерістер мен тексерулердің нәтижелері бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

12. Тексеріс (тексеру) жүргізу кезінде тексеруші:

кәсіпорындарда, бірлестіктерде, ұйымдар мен мекемелерде жоспарларды, сметаларды, бухгалтерлік және басқа құжаттарды қолда бар ақша мен құндылықтарды тексеруге, ал жалған құжаттар, көзбояушылықтар мен басқа да қиянат жасау анықталғанда қажетті құжаттарды кейіннен құқық қорғау органдарына беру үшін оларды белгіленген тәртіппен алып қоюға;

шікізаттың, материалдардың, отынның, электр энергиясының және басқа материалдық құндылықтардың өндіріс шығындарына дұрыс жатқызылуын, дайын өнімнің кіріске толық алынуын тексеруге;

тексерілетін бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшыларымен бірлесіп, орындалған жұмыстардың көлемін бақылау мақсатымен өлшеуді, шикізат пен материалдарды өндіріске бақылау мақсатымен қосуды, негізгі қорларды, тауар-материалдық құндылықтарды, ақшалай қаражатты түгендеуге және есеп айырысуды ұйымдастыруға, ал қажет болған жағдайда кассалар мен кассалық бөлмелерді, қоймаларды, шағын қоймаларды, архивтерді

м ө р б а с ы п ж а б у ғ а ;

басқа бірлестіктерден, кәсіпорындардан, ұйымдардан, мекемелерден анықтамалар және тексерілетін бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің операцияларына байланысты құжаттардан көшірмелер алуға;

лауазымды адамдардан тексерістер мен тексерулер жүргізу барысында туындаған мәселелер бойынша жазбаша түсініктер алуға құқылы.

13. Т е к с е р у ш і :

- өзінің жұмысында қолданылып жүрген заңдар мен басқа да нормативтік актілерді қатаң басшылыққа алуға, бұра тартушылық пен әділетсіздікке жол б е р м е ү г е ;

- тексерілетін кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметі жөнінде алынатын мәліметтерді тек қызмет мақсатында ғана пайдалануға, бұл орайда заңдарда белгіленген коммерциялық құпияны сақтауға міндетті.

Өзінің міндеттерін толық орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны, коммерциялық құпияны сақтамағаны, бұра тартушылық пен әділетсіздік көрсеткені үшін тексеруші қолданылып жүрген заңға сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауап береді.

14. Бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің

қаржы-шаруашылық қызметіне тексерістер мен тексерулерді ұйымдастыру және оларды жүргізу тәртібі әрбір салаға орай Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары мен басқа да басқару органдары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы қаржы-валюталық бақылау комитетімен келісе отырып бекіткен нұсқауларда анықталады.<*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК